**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

**Қазан 2024 жыл 2 апта**

**I-IV топ**

**Сабақтың мақсаты:**

- Заттық және сюжеттік суреттер бойынша қарапайым сұрақтарды түсінуін қалыптастыру;
- «Жемістер» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту;
- Жақын отбасы мүшелерін атауды үйрету;
- Тілдік дыбыстады ажырату

| **Күн тәртібінің кезеңдері** | **Дүйсенбі 07.10.2024** | **Сейсенбі 08.10.2024** | **Сәрсенбі 09.10.2024** | **Бейсенбі 10.10.2024** | **Жұма 11.10.2024** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, танымдық әрекет.<br>Балалармен амандасу. Көңіл-күйін білу, байқау немесе баладан сұрау. | | | | |
| **Ата-ана мен тәрбиешімен әңгімелесу, кеңес беру** | Ата-ана мен тәрбиешіге кеңес беру. Баладағы өзгерістер мен үй жағдайында баланы дамыту жұмыстары туралы сұрап отыру. | | | | |
| **Қызығушылығын ояту** | **Сәлемдесу:** Сәлеметсіңдерме,балалар! Зейінін сабаққа аудару, жайлы психологиялық ахуал қалыптастыру<br>Қазір мен жұмбақ жасырайын жауабын тауып көрсеңдер:<br>Алмұрт, алма, банан.<br>Ананас ыстық елдерден.<br>Бұл дәмді тағамдар<br>Барлығы бірге аталады... (Жемістер) | | | | |
| **Негізгі кезең** | 1. Ұйымдастырушылық сәт<br>Сабақта біздің көзіміз қарайды және бәрін (көреді),<br>Біздің құлағымыз тыңдайды және бәрін (естиді),<br>Басымыз есінде сақтайды және (ойлайды)!<br><br>2. Саусақ гимнастикасы "жемістер".<br><br>- Маған сөздер мен қимылдарды қайталаңыз:<br>Ересектер мен балалар бірге: (саусақтарыңызды қысамыз және ашамыз). | | Балаларға сабаққа жүк көлігі келіп, бақшадан жиналған жемістерді әкелгенін хабарлаймыз.<br>Жүк көлігі келді балалар.<br>Жүк көлігі бізге не әкелді?<br>-Алма, банан, жүзім.<br><br>**«Кезектілігін тап»**<br>Мақсаты: есте сақтауын, көру зейінін, көріп есте сақтауын | | |

Scanned with CamScanner

| | | |
|---|---|---|
| | Әлемде көптеген жемістер бар!<br>Алма мен апельсин, (кішкентай саусақтан бастап бір саусақты бүгеміз.)<br>Өрік, мандарин,<br>Банан да, Анар да<br>Дәрумендерге бай.<br><br>«Жемістер ойыны». Логопед қапқа алдын ала 4 жемісті салып қояды.<br>Бір-бірден жемістерді шығарып, балаларға көрсетіп атауын аап, әр балаға ұстатып көреді.<br>-Балалар қараңдар бұл не?<br>-Бұл алма.<br><br>**I. Негізгі кезең.** Сөздердің жалпылама мағынасын түсінуін қалыптастыру;<br>**1.«Дәл тап»**<br>Мақсаты: сөздерді түсінуін дамыту.<br>Сипаттамасы: логопед сөздер қатарын атайды, ал бала суреттер арасынан сол суреттерді іріктейді. Тапсырма тақтада орындалады.<br><br>**2. «Мен атаймын, сен көрсет»** | дамыту.<br>Сипаттамасы:үстел үстінде 2-4 ойыншық бір қатарда тұрады. Бала оларға қарап, есіне сақтайды. Кейін логопед көкөністердің барлығын алып тастайды. Бала есіне сақтаған жемістердің барлығын сол кезектілікте қойып шығуы керек.<br><br>Тілдік және тілдік емес дыбыстарға еліктеу және ажырату дағдыларын қалыптастыру<br>I. «Көр, қайтала!» ойыны.<br>Мақсаты: балаларға шылауларға және эмоционалды лептерге еліктеуін дамыту<br>Сипатамасы: балаларға сюжетті суреттердегі эмоцияларды эмоционалды леппен қайталау ұсынылады<br><br><br>**«Аз-көп» ойыны**<br>Мақсаты:ойлаудың жылдамдығы мен зейінді дамыту.<br>Нұсқау: балалар шеңбер бойына отырады.<br>Жүргізуші, допты лақтырар алдында, көпше түрдегі бір сөзді айтады, ал балалар оны жекеше түрге ауыстырулары қажет.<br>Нұсқаудағы сөздер: |



Scanned with CamScanner

| | | |
|---|---|---|
| | Мақсаты: сөздерді түсінуін, есте сақтауын дамыту,<br>Сипаттамасы: логопед үстел үстіне бірнеше жемістерді белгілі бір кезектілігімен орналастырады да , ішінен 1-2 жемісті алып тастайды. Бала сол атауларды естерінде сақтап, атып беруі қажет.<br>**III. Белсенді еліктеп сөйлеу әрекетін дамыту (қоршаған ортадағы дыбыстарға еліктеу);**<br>1. «Сөзді аяқта». ойыны<br>Мақсаты: Еліктеу бойынша заттарды атауға үйрету. «Жемістер» лексикалық тақырыбы бойынша балаға таныс жемістерді атауларын таңдап аламыз.<br>Логопед:<br>-балалар өзі дәмді, түсі қызыл, дөңгелек, бқл қандай жеміс?<br>-Алма. Жарайсыңдар!<br>Педагог өзі жауаптарын айтып отырады балаға қайталап айту ұсынылады. Сөздерді аяқтауға ынталандырамыз; Ал-МА, ба-НАН, Жү-ЗІМ.<br>IV. Сергіту сәті<br>Орнымыздан тұрамыз,<br>Мойнымызды бұрамыз.<br>Қолымызды көтеріп,<br>Саусақты ашып-жұмамыз.<br>*Онан* соң төмен түсіріп,<br>Алақанды соғамыз.<br>V. Естіп қабылдауын дамыту.<br>1) "Ойлан тап" ойыны "<br>*Мақсаты:* дауыстың қашықтықтан танып ажырату қабілетін дамыту:<br>1. Балаға карточкалар беріледі. Сол карточкадағы дыбыстарды логопед диктафонның және | <br>  <br>**VII. Ұсақ қол моторикасын дамыту. Жемістерді бастыр және боя.**<br>. |



Scanned with CamScanner

заттардың көмегімен дыбыстайды. Дыбысты 2 м, 3м,4м,6м қышықтықтан береді. Балалар дыбысты суреттермен байланыстарады.

2. Үстелдің үстіне карточкалар қойылады. Баланың көзі байланып, ортада тұрады. Баладан 4 м қашықтықтан оң жағынан және сол жағынан екі орто кілемше қоылады. Логопед баланың оң жағына барып дыбыс шығарады да, қайта ортаға келіп, баланың көзін ашып, дыбыстың қай жақтан шыққанын сұрайды.



VIII. Дауыспен жұмыс. «У, А, И» дыбысын баяу, жай, қатты, өте қатты айт.



«У, А, И» дыбысын созып айт.



**VIII. Дауыспен жұмыс**. «А, О, У. И» дыбысын баяу, жай, қатты, өте қатты айт



«А, О, У, И» дыбысын созып айт.



[redacted]

[redacted]

[redacted]

**Отбасы туралы әңгімелеу.**

Отбасындағы мүшелерді атау.

- Балалар отбасы мүшелерін атаңдар?

-Бұл кім?

-Ана. Жарайсың!





**VI.Ойлау қабілетін дамыту.**

**1) «Кім зейінді?»**

Мақсаты: көру зейіні мен көріп есте сақтауын дамыту.

Сипаттамасы: балаларға арналған лотодан балаға таныс заттар бейнеленген бірнеше сурет ұсынылады. Суреттердің саны баланың жасына, оның сөйлеу және ойлау қабілетіне байланысты. 5 суреттер бір мөлшерде және белгілі бір тақырыпқа сай болуы керек. Логопед балаға 1-2 суретті көрсетеді де, жылдам басқа суреттермен араластырып жібереді. Бала суреттер ішінен ең бірінші көрсетілген суреттерді табуы қажет.

1. Жемістермен беріледі
2. Әрекеттермен беріледі.







Scanned with CamScanner

| | | |
|---|---|---|
| | | |
| **Сабақтың соңы** | -жарайсыңдар балалар!<br>- бүгінгі сабақ ұнады ма? | жарайсыңдар балалар!<br>- бүгінгі сабақ ұнады ма? |

Әдіскер ____________Каримова С.С.



Scanned with CamScanner